

« 31 » 0 2022 ж.  
№ 10 бұйрыққа  
1-қосымша

## «Заманауи сабақ - мұғалімнің кәсіби өсуінің көрсеткіші» тақырыбындағы қалалық байқау

### ЕРЕЖЕСІ

#### I. Жалпы ережелер

«Заманауи сабақ - мұғалімнің кәсіби өсуінің көрсеткіші» тақырыбындағы қалалық байқау химия және биология пәндері педагогтері үшін (бұдан әрі - Байқау) Нұр-Сұлтан қаласының Білім беруді жаңғырту орталығының жоспарына сай өтіледі.

#### II. Байқаудың мақсаттары мен міндеттері:

- білім беру саласындағы талантты, шығармашылықпен жұмыс істейтін біліктілікті педагогтерді анықтау, қолдау, мадақтау;
- педагогтердің сабақ берудегі біліктілігі мен тәжірибесін сараптау;
- оқу сапасын, білім алушының оқып үйренуіне деген ықыласы мен қызығушылығын арттыру мақсатын көрсете алатын педагогтердің озық тәжірибесін тарату;
- қатысушылардың кәсіптік шеберлігінің өсуіне ықпал ету, білім беру мазмұнын жаңартудың маңыздылығын насихаттау ;
- педагог мамандардың кәсіптік қарым-қатынас жасауына және шығармашылық жаналықтармен, идеялармен тәжірибе алмасуына ықпал ету;
- педагогтердің мәртебесін көтеру.

#### III. Байқауды өткізу, ұйымдастыру және қортындылау

Байқау 2 кезеңнен өтеді:

**1-кезең** сырттай Ең үздік 1 сабағының толық талданған қысқа мерзімді жоспарының (бұдан әрі - ҚМЖ) электрондық түп нұсқасы мен қатысу өтінімін 2022 жылғы 20 ақпанға дейін [konkurs\\_himiya@mail.ru](mailto:konkurs_himiya@mail.ru) почтасына жіберу сұралады. Ұйымдастырушы комитет байқау Ережесіне сәйкес 2022 жылдың **20 ақпанға дейін** келіп түскен қатысушының ең үздік толық талданған ҚМЖ-ының электрондық түп нұсқасын жинақталған бағалау критерийлері арқылы іріктейді. Іріктеуден өткен қатысушы байқаудың 2 кезеңіне жіберіледі. ҚМЖ 130 бұйрыққа №472 бұйрықпен енгізілген өзгеріспен жасалуы тиіс.

**2-кезең «Үздік сабақ, озат тәжірибе» панорамалық сабақты қорғау (7 минут)**

2-кезең **2022 жылғы 28 ақпан күні** өтеді.

Байқау қорытындысы 2022 жылғы 28 ақпан күні шығарылады. Байқау қорытындысы бойынша жеңімпаздар I, II, III дипломдар және алғыс хаттар, сертификаттарымен марапатталады. Байқауға қатысқан педагогтердің үздік сабақтары енгізілген жинақ кітабы шығарылады.

**«Заманауи сабақ - мұғалімнің кәсіби өсуінің көрсеткіші»** тақырыбындағы қалалық байқауына қатысуға

### ӨТІНІМ

Қатысушының толық аты-жөні	
Білім беру ұйымының толық атауы	
Лауазымы	
Оқытатын пәні	
Жұмыс өтілі	
санаты	
Электрондық поштасы	
Желілік байланыс нөмері	

### Бағалау критерилері

№		Балл 1-5
1	Оқу мақсатына жетуде оқушы қажеттілігін қанағаттандыруды түсіну	5
2	Жаңартылған оқу бағдарламасының идеяларын білу	5
3	Өз пәнін жетік білуі, жан-жақты білімділігі	5
4	Педагогикалық және әдістемелік шеберлігі	5
5	Оқытудың қазіргі технологиясын пайдалануы	5
6	Сабақтың мақсатын таңдау негіздемесі және технологиясы	5
7	Сабақ барысында мұғалімнің ақпарат көздерінің түрлі нысандарын пайдалануды ұйымдастыру қабілеті	5
8	Мұғалімнің шеберлігі	5
		40